



ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасы тобы үшін:

В087 - "Стоматология" 2023-2024 оқу жылына арналған қысқартылған оқу мерзімімен, үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламасы

Оқу мерзімі: 4 жыл;

Астана 2023ж.



Мазмұны

1	Мақсаты және қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Негізгі бөлігі	3
3.1	Қысқаша ақпарат	3
3.2	Байланыс ақпараты	4
3.3	Қабылдау емтиханын өткізу орны	4
3.4	Түсу емтиханын өткізу нысаны	4
3.5	Құжаттарды тапсыру кестесі және түсу емтиханын өткізу мерзімдері	4
3.6	Емтихан материалы	5
3.7	Қабылдау емтиханының нәтижелері	14
	1-қосымша тақырыптар / емтихан сұрақтары	
	Келісу парағы	



1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1. «Денсаулық сақтау» саласы бойынша оқуға түсушілерге арналған білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – ББ) В087-Стоматология

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы бағдарламада келесі құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

– ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары»;

– «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы;

– 2023 жылғы 24 мамырдағы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі №ҚР ДСМ -63 бұйрығы №86 бұйрығы;

– жоғары медициналық білім беру жүйесінің жұмыс істеуі мен даму мәселелерін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілер.

3. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

3.1 Қысқаша ақпарат

Білім беру бағдарламасының миссиясы - Практикалық оқу бағдарламалар негізінде, қазіргі заманғы білім беру халықаралық деңгейдегі стоматолог-дәрігерлерді даярлау және кәсіби дамыту;

Білім беру бағдарламасының мақсаты - МЖМБС талаптарына сәйкес, "Стоматология" ББ бойынша жоғары білікті мамандарды даярлау үшін заманауи клиникалық стоматологиялық орталықты ұйымдастыру;

Кәсіби қызмет саласы - денсаулық сақтау ұйымдары. Білім беру ұйымдары (орта арнаулы және жоғары медициналық білім беру мекемелері);

"Стоматология" ББ бойынша үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен адамдарға **"Медицина магистрі"** дәрежесі беріледі, дипломға қосымшасы бар жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом (транскрипт) және (немесе) жалпы еуропалық қосымша



(diploma Supplement (саплэмент дипломы), интернатураны бітіргені туралы куәлік беріледі. Біліктілігі - "Дәрігер";

3.2 Байланыс ақпараты

Қазақстан Республикасы, Астана қ., Бейбітшілік көшесі – 49, 53 корпус, 402 кабинет. Мектеп деканы Деточкина Виолетта Робертовна – тел.87772003333

3.3 Арнайы емтихан өткізу орны

Психометриялық емтиханды Қазақстан Республикасының медициналық университеттерінің бірінде тапсыруға болады.

Психометриялық тестілеу "Рұқсат" немесе "Рұқсат емес" түрінде бағаланады.

Психометриялық тестілеу нәтижелері тапсырылған күні жарияланады.

Психометриялық тестілеуден өту нәтижелері бойынша талапкерге арнайы емтихан тапсыру орнына қарамастан медициналық университеттерге ұсыну үшін ведомостан үзінді көшірме беріледі.

3.4 Түсу емтиханын өткізу нысаны-тестілеу

Базалық пәндер бойынша компьютерлік тестілеу түріндегі түсу емтиханы университетте тапсырылады:

- "Терапевтік стоматология негіздері";
- "Ортопедиялық стоматология негіздері";
- "Хирургиялық стоматология негіздері".

Түсу емтиханынан өту үшін аудиторияға оқуға түсушіні жіберу жеке куәлігін көрсету кезде ғана жүзеге асырылады. Түсу емтиханы бейне және (немесе) аудио жазбамен жаратқандырылған аудиторияларда өткізіледі.

3.5 Құжаттарды тапсыру кестесі және психометриялық және түсу емтиханын өткізу мерзімдері

"Стоматология" ББ қатысуға ниет білдірген тұлғалар үшін қабылдау емтиханын тіркеу және тапсыру мерзімдері 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1.

Құжаттарды қабылдау мерзімі	Емтихан өткізу мерзімі	Емтихан уақыты	Апелляцияға өтініштерді қабылдау	Емтиханды өткізу орны
01.07.2023 – 10.07.2023	07.08.2023-09.08.2023	14.00-15.40	Нәтижелер жарияланғаннан кейінгі, келесі күні сағат 13.00-ге дейін	Бейбитшилик 49А
25.07.2023 – 06.08.2023				



Құжаттар тізімі:

- 1) университеттің Басқарма төрағасы-ректорының атына белгіленген нысан бойынша өтініш;
- 2) диплом және дипломға қосымша (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқасы және көшірмесі);
- 4) өлшемі 3 x 4 сантиметр болатын 4 фотокарта;
- 5) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының ДСМ 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бекіткен электрондық форматтағы 075/е нысаны бойынша Медициналық анықтама (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген). Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралар алынып тасталуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады;
- 6) психометриялық емтиханнан өткені туралы ведомостен үзінді;

3.6 Емтихан материалы

1. "Терапевтік стоматология негіздері" бойынша қабылдау емтиханына арналған сұрақтар:

1. Стоматологиялық терапиялық кабинетті ұйымдастыру. Құрал-жабдықтар, жабдықталуы, аспаптар (инструменттер). Қауіпсіздік техникасы, эргономика.
2. Асептика және антисептика қағидалары. Стерилизация алды тазалау, стерилизация әдістемелері және тәртіптері. Вирустық гепатит және АИВ инфекциясының профилактикасы.
3. Тістер анатомиясы. Тістердің әр жаққа (оң және сол жақ) тәнділік белгілері. Жоғарғы және төменгі жақ тістердің анатомиясы. Жоғарғы және төменгі жақ тістердің әр жаққа (оң және сол жақ) тәнділік белгілері.
4. Тістің қатты тіндерінің гистологиясы.
5. Тіс ұлпасының гистологиясы.
6. Периодонттың гистологиясы.
7. Ауыз қуысы сілемейлі қабығының гистологиясы.
8. Тісжегі және оның асқынулары туралы түсінік. Тісжегі қуыстырының Блэк бойынша жіктелуі. Тісжегі қуыстарды егеп тазалаудың негізгі қағидалары, кезеңдері, әдістері.
9. Тісжегі қуыстарын I-VI кластар бойынша егеп-тазалаудың ерекшеліктері.
10. Пломбылық материалдар. Тағайындалу бойынша жүйелеу. Уақытша пломбаларға арналған материалдар. Оларға қойылатын талаптар.



Құрамы, қасиеттері, қолдану көрсеткіштері, дайындау және пломбылау техникасы.

11. Емдік төсемдерге арналған материалдар. Оларға қойылатын талаптар. Құрамы, қасиеттері, қолдану көрсеткіштері, дайындау және пломбылау техникасы.

12. Цементтер. Цементтер жүйесі. Мырыш-фосфаттық, бактерицидтік, мырыш-эвгенолды, силикаттық, силикатты-фосфаттық поликарбоксилаттық цементтердің құрамы, қасиеттері, қолдану көрсеткіштері. Дайындау және пломбалау техникасы.

13. Шыныиономерлі цементтер: жүйесі, құрамы, қасиеттері, қолдану көрсеткіштері. Шыныиономерлі цементтердің дайындау және пломбылау техникасы.

14. Композиттік пломбалық материалдар. Жүйесі, құрамы, қасиеттері.

15. Композиттік пломбылық материалдарының адгезиялық жүйелері, құрамы, компоненттер тағайындалуы. Композиттік пломбылық материалдармен пломбалау техникасы. Пломбаларды өңдеу.

16. Компомерлер. Құрамы, қасиеттері, қолдану көрсеткіштері.

17. Тісжегі қуыстарының әртүрлі орналасуына байланысты тістер реставрация ерекшеліктері. Түйісу пункті, маңызы, қалпына келтіру әдістері.

18. Эндодонтия туралы түсінік. Эндодонт. Эндодонттың морфофункционалды кешендері.

19. Жоғарғы және төменгі жақ тістерінің қуыстары мен түбір өзектерінің анатомиялық және топографиялық ерекшеліктері.

20. Эндодонтиялық емдеудің кезеңдері (10 «қадам»). Бастапқы эндодонтиялық жолды қалыптастыру. Тістің жұмысшы ұзындығы, оның анықтау әдістері

21. Эндодонтиялық құрал-жабдықтар. Жүйесі. Тағайындалуы, жұмыс істеу ережелері.

22. Ұлпа қабыну (пульпит) және периодонтит туралы түсінік. Пульпитті емдеу әдістері. Пульпаны девитализациялау, құралдар. Пульпитті эндодонтиялық емдеу кезеңдері. Периодонтитті емдеудің мақсаттары, міндеттері. Периодонтитті эндодонтиялық емдеу кезеңдері.

23. Түбір өзектерін өңдеу әдістері. Жүйесі. Түбір өзектерін өңдеудің аспаптық әдістері (Step Back, Crown Down, теңдестірілген күшпен әсер ету).

24. Түбір өзектерін дәрілік өңдеу. Түбір өзектерін химиялық өңдеу және кеңейту әдістері. Мақсаты, құралдары, жүргізу әдістемесі.

25. Түбір өзектерін толтыруға арналған пломбалық материалдар (силерлер). Жүйесі. Оларға қойылатын талаптар.

26. Уақытша түбірлік пломбалар (пластикалық қатаймайтын материалдар): қолдану көрсеткіштері, түрлері, құрамы, қасиеттері, дайындау және пломбалау техникасы.



27. Түбір өзектерін толтыруға арналған пластикалық қатаятын пломбалық материалдар: түрлері, құрамы, қасиеттері, дайындау және толтыру техникасы.

28. Штифттер (филлеры). Түрлері. Гуттаперча: құрамы, қасиеттері, түрлері.

29. Бір штифт, латералды және тік (вертикалды) конденсация әдісімен түбір өзектерін толтыру, артықшылықтары мен кемшіліктері.

30. Эндодонтиялық емдеу кезеңдеріндегі қателіктер мен асқынулар. Олардың алдын алу және жою.

2. "Ортопедиялық стоматология негіздері" бойынша қабылдау емтиханына арналған сұрақтар;

1. Тіс техникалық зертханасы, құрылымы. Тіс технигінің жұмыс орны.

2. Тіс технигінің материалдары мен аспаптары. Техникалық қауіпсіздік.

3. Тіс жақ сүйек жүйесінің функционалдық анатомиясы. Ғаныш бағанадан жоғарғы және төменгі жақ сүйектерінің тістерінің анатомиялық кескіндерін жасауды негіздеу ерекшеліктері.

4. Алынбайтын протездердің түрлері. Салма жасауды негіздеу (микропротез).

5. Салманы жасаудың клиникалық-зертханалық кезеңдерінің ерекшеліктері.

6. Блек бойынша салма салу үшін тіс сауытын егеу.

7. Салмаға арнап тіс қуысын қалыптастыруға пайдаланылатын абразивті құралдары.

8. Балауыздан салманы (микропротезді) мүсіндеу. Салма жасаудың тура әдісі.

9. Салма жасаудың жанама әдісі.

10. Микропротез жасау үшін қажетті негізгі материалдар. Балауызды пластмасса мен металға ауыстыру.

11. Пластмассалы сауыттарды тегістеу, жалтырату. Цементке отырғызу.

12. Тістің қатты тіндерінің аурулары кезінде жасанды сауытты жасаудың көрсетулері. Металды штампталған тіс сауытын жасаудағы тісті егеу.

13. Жасанды сауытты жасаудың клиникалық-зертханалық кезеңдері.

14. Тісті егеуде қолданылатын абразивті құралдары.

15. Төменгі жақ сүйегінің қимыл-қозғалысын қайталайтын аспаптар (окклюдаторлар, артикуляторлар). Штамптың ғанышты пішінін дайындау (ғанышбағана).



16. Ортопедиялық стоматологияда қолданатын металлдар мен қорытпалар. Гильзаны созып дайындайтын аспаптар.
17. Гильзаны алдын ала және ақырғы штамптау технологиясы. Күйдіру.
18. Гильзаны соңғы рет штамптауға арналған аспаптар. Паркер, ММСИ әдістері. Ағарту.
19. Жеке металды штампталған сауытты отырғыз тәсілі.
20. Стоматологиялық бұйымдарды өңдейтін материалдар (тегістейтін, жылтырататын заттар).
21. Тегістеу мен жылтыратудың технологиясы. Сауытты цементке отырғызу (уақытша және тұрақты отырғызатын заттар).
22. Пластмасса сауытты қолданудың көрсетулері. Пластмасса сауытты жасаудың клиникалық-зертханалық кезеңдері.
23. Пластмасса сауыты үшін тісті егеу. Қалып алу. Түсін анықтау. Модель құю.
24. Пластмасса сауытты жасау үшін тістің тұқылын мүсіндеу технологиясы.
25. Алынбайтын протез үшін қажет пластмассалар.
26. Балауызды еріту. Қалыптау. Полимеризациялау. Кюветадан пластмасса сауытты шығару, өңдеу, тегістеу, жылтырату. Сауытты тіске шақтап кигізіп көріп цементке бекіту.
27. Металдыкерамикалы сауыттың клиникалық-зертханалақ жасалу кезеңдері.
28. Металдыкерамикалы сауытқа арнап тісті егеу. Қосқабатты қалып алу тәсілі.
29. Металдыкерамикалы көпіртәрізлі протезді жасаудағы құрама алмалы-салмалы мүсінді жасаудың технологиясы.
30. Металдыкерамикалы сауытты жасау үшін қажет мүсіндеу балауыздары.
31. Қалпақша мен гирлянда жасау әдістері.
32. Металдыкерамикалы сауыттың қалпақшасын мүсіндеу технологиясы. Қалыптағыш материалдар. Құю. Металдыкерамиканы жасау үшін қажет қорытпалар.
33. Қалпақшаны құмшашқыш аспаппен өңдеу. Қалпақшаны модель мен фантомға кигізіп көру. Керамикалық массаның түсін таңдау.
34. Метал қаңқаға фарфор массасын жағудың технологиясы. Стоматологиялық фарфор массасының құрамы мен қасиетті. Күйдіру.
35. Фантомға металдыкерамикалы сауытты отырғызу. Глазурьлеу. Тегістеу, жалтырату. Тапсыру.
36. Металды керамикалы сауытты цементке бекіту.



37. Тіс қатарын қалпына келтіретін кезде алынбайтын протезді қолдануды негіздеу. Алынбайтын көпіртәрізді протездің құрылымының түрлері.
38. Стоматологияда қолданатын негізгі және көмекші материалдар.
39. Штампталып-дәнекерленген көпіртәрізді протезді жасаудың клиникалық-зертханалық кезеңдері.
40. Штампталып-дәнекерленген көпіртәрізді протез үшін тістерді егеудің ерекшеліктері. Қалып алатын материалдар. Қалып алу, модель құю.
41. Сауыттарды алдын ала және соңғы рет штамптау. Осы кезеңде қолданылатын материалдар.
42. Тірек тістерге штампталған болат сауытты шақтап кигізіп көру, қалып алу, модель құю.
43. Окклюдаторға модельдерді бекіту. Көпіртәрізді протездің денесін мүсіндеу, профилді балауыздар.
44. Көпіртәрізді протездің аралық бөлігін құю.
45. Көпіртәрізді протездің аралық бөлігін өңдеу, дәнекерлеуге дайындау. Көпіртәрізді протездің бөлшектерін дәнекерлеу. Дәнекердің құрамы, қасиеті. Ағартқыштар.
46. Штампталған дәнекерленген көпіртәрізді протездің қаңқасын тірек тістерге шақтап кигізіп көру. Фасетканың вестибулярлы бетін мүсіндеу. Полимеризациялау.
47. 39. Пластмассалық және әрленген сауыттан көпіртәрізді протезді жасаудың негіздемесі. Клиникалық-зертханалық кезеңдері.
48. Әртүрлі тірек элементтері бар штампталып дәнекерленген көпіртәрізді протезді жасаудың ерекшеліктері.
49. Алынбайтын металдыкерамикалы көпіртәрізді протезді жасаудың негіздемесі. Оны дайындаудың клиникалық-лабораториялық кезеңдері.
50. Металдыкерамикалық көпіртәрізді протез үшін тістерді егеу.
51. Қалып алғыш массалар, құрамы, қасиеті. Қалып алу. Алмалы-салмалы құрама модель.
52. Металдыкерамикалы көпіртәрізді протезің қаңқасын мүсіндеу.
53. Тірек тістерге уақытша сауыт жасау. Профилді балауыздар.
54. Металдыкерамикалық протездің қаңқасына фарфорлы массасын жағу. Күйдіру ережесі.
55. Стоматологиялық фарфор, құрамы, қасиеті.
56. Тірек тістерге керамикамен әрленген көпіртәрізді протезді отырғызу. Глазурлеу. Металдыкерамикалық көпіртәрізді протезді бекіту.
57. Биологиялық шыны керамика, құрамы, қасиеті.
58. Поликерамика+шыныталшық түрлерінің жүйесі. Стоматологиялық фарфордан протез жасау.
59. Әртүрлі құрылымды көпіртәрізді протезді жасау технологиясы.



60. Жартылай алмалы-салмалы пластиналы протез, оның элементтері, жасалу кезеңдері.
61. Жоғарғы және төменгі жақ сүйектерден толық анатомиялық қалып алу. Ғаныштан үлгі құю.
62. Модель бетіне жартылай пластиналы протездің шекарасын сызу. Оклюзиялық білікті балауыз базисті жасау.
63. Бекітілген тістемдегі жақ сүйектерінің орталық ара-қатынасын анықтау мен бекіту. Моделдерді окклюдаторға ғаныштау.
64. Жартылай пластиналы протезді бекіту үшін керек тетіктер. Кламмерлер, олардың түрлері, пластиналық протезде жайғасуы.
65. Біриықты иілген сымтемір кламмерді жасаудың технологиясы.
66. Жартылай алмалы-салмалы протезге жасанды қызылиегі бар кезде және жоқ кезде жасанды тістерді таңдау, орналастыру.
67. Жартылай пластиналы протездің құрылымын фантом аузына салып тексеру. Протездің балауыз құрылымын соңғы рет мүсіндеу.
68. Жасанды тістері бар балауыз базисті модельді кюветаға салып ғаныштау.
69. Балауызды еріту. Базисті қалыптастыру (формовка). Полимеризация жасау.
70. Протезді кюветадан шығару, өңдеу, тегістеу және жылтырату. Фантом аузына жартылай пластиналы протезді шақтап кигізіп көру. Протезді түзеп жөндеу.
71. Доғалы протез, оның элементтері, жаққа орналасуы. Көрсетулері, элементтерінің маңызы, сипаттамасы.
72. Доғалы протезді жасаудың клиникалық-зертханалық кезеңдері. Суперғаныштан және медициналық ғаныштан біріктірілген диагностикалық модель құю.
73. Параллелометрия. Параллелометрдің құрылысы. Аспап тетіктерінің қажеттілігі.
74. Параллелометрлеу әдістері.
75. Ғаныш модельге доғалы протез қаңқасының суретін сызу.
76. Ней жүйесінің кламмерлері.
77. Отқа төзімді модельді алу.
78. Доғалы протездің қаңқасын стандартты балауыз дайындамалар көмегімен мүсіндеу. Доғалы протездің қаңқасының балауызды құрылымын құюға дайындау. Құю.
79. Доғалы протездің қаңқасын өңдеу, тегістеу және жылтырату. Фантом аузына доғалы протез қаңқасын шақтап кигізіп көру.
80. Окклюдаторға модельдерді ғаныштау. Жасанды тістерді орналастыру. Фантом аузына салып доғалы протез құрылымын тексеру.
81. Дайын доғалы протезді фантомның ауыз қуысында отырғызып көру.



82. Аттачмені бар доғалы протезді дайындау.
83. Тіссіз жоғарғы жақтың анатомиясы. Жоғарғы жақтан толық анатомиялық қалып алу.
84. Тіссіз төменгі жақтың анатомиясы. Толық анатомиялық қалып алу.
85. Ғанышпен жақ сүйегінің моделін құю. Протакрилден (тез катаятын пластмассадан) жеке-дара қасық жасау.
86. Жоғарғы және төменгі жақ сүйекке жеке дара қасықты зертханалық жолмен жасау.
87. Фантомның ауыз қуысына жеке дара қасықты отырғызу және коррекциялық массаның көмегімен функционалды қалып алу.
88. Жоғарғы жақ сүйегіне Гербст сынамасы көмегімен жеке дара қасықты отырғызып, коррекциялық масса көмегімен функционалды қалып алу.
89. Төменгі жақ сүйегіне Гербст сынамасы көмегімен жеке дара қасықты отырғызып, коррекциялық масса көмегімен функционалды қалып алу.
90. Жоғарғы және төменгі жақ сүйектерінің моделін құю, протез базисінің шекарасын сызу. Экзостоз бен сүйек төмпешіктерін изоляциялау.
91. Жоғарғы және төменгі жақ сүйектеріне тістем біліктері бар балауызды базисті жасау. Базиске етал сым темірді кіргізу.
92. Биіктігі бекітілмеген тістем кезіндегі жақ сүйегінің ара қатынасын анықтау.
93. Модельді артикулятор мен окклюдаторға бекіту. Жасанды тістерді таңдау.
94. Шыны арқылы (Васильев бойынша) жасанды тістерді орналастыру.
95. Жоғарғы және төменгі жақ сүйектеріне сфера арқылы жасанды тістерді орналастыру.
96. Тістердің прогениялық ара қатынасы кезінде алвеолярлық өсінділерге жасанды тістерді орналастыру.
97. Тістердің прогнатиялық ара қатынасы кезінде алвеолярлық өсінділерге жасанды тістерді орналастыру.
98. Жоғарғы және төменгі жақ протездері құрылымын фантом аузына салып тексеру. Протездердің балауызды құрылымын соңғы мүсіндеу.
99. Жасанды тістері бар балауызды базисті кері әдіспен ғаныштау. Балауызды ерітіп шығару.
100. Қос қабатты базисті толық алмалы-салмалы протезді дайындау. Эластикалық қабатты орналастыру әдісі.

3. "Хирургиялық стоматология негіздері" бойынша қабылдау емтиханына арналған сұрақтар:



1. Хирургиялық стоматология бөлімінің жұмысын ұйымдастыру.
2. Хирургиялық стоматологиялық кірісулерде асептика мен антисептиканың ұғымы.
3. Хирургиялық стоматология клиникасындағы науқасты тексерудің негізгі әдістері.
4. Хирургиялық стоматология клиникасындағы науқасты тексерудің қосымша әдістері. Тіркеу және жұмыс нәтижесі.
5. Стоматологияда жалпы жансыздандыру. Көрсеткіші. Қарсы көрсеткіші. Наркоздың түрлері.
6. Наркоз. Түсінік. Наркозға арналған медикаментозды заттар. Стоматологияда наркоз жүргізу ерекшелігі.
7. Хирургиялық стоматологиядағы жергілікті жансыздандыру. Түсінік. Көрсеткіші, қарсы көрсеткіші. Жергілікті анестетиктердің жіктелімі. Жергілікті жансыздандыру үшін қолданылатын заманауи дәрі-дәрмектер, әсер ету механизмі. Клиникалық жағдайға байланысты дұрыс таңдау жүргізу.
8. Үшкіл нервтің екінші бұтағының топографиясы.
9. Үшкіл нервтің үшінші тармағының топографиясы.
10. Үшкіл нервтің екінші тармағын бет сүйегі асты және орбитальді тәсілмен жансыздандыру. Нысана көзі. Анатомиялық ориентир. Өткізу техникасы. Жансыздандыру аумағы.
11. Үшкіл нервтің екінші тармағын бетасты-қанат тәрізді және таңдайлық жолмен жансыздандыру. Нысана көзі. Анатомиялық ориентир. Жүргізу тәсілі. Жансыздандыру аумағы.
12. Үшкіл нервтің үшінші бұтағын Вайсблат бойынша жансыздандыру әдістемесін өткізу.
13. Берше - Дубов бойынша жансыздандыру. Нысана көзі. Жүргізу тәсілі. Жансыздандыру аумағы.
14. Жергілікті жансыздандырудан болатын жалпы асқынулар. Естен тану. Патогенез. Алғашқы медициналық көмек көрсету.
15. Жергілікті жансыздандырудан болатын жалпы асқынулар. Коллапс. Патогенез. Алғашқы медициналық көмек көрсету.
16. Жансыздандыру кезінде болатын жалпы асқынулар. Анафилактикалық шок. Түрлері. Патогенезі. Алғашқы медициналық көмек көрсету.
17. Тіс жұлу операциясы кезінде болатын жергілікті асқынулар. Себебі, емі, алдын алу.
18. Тіс жұлу операциясынан кейін болатын жергілікті асқынулар. Себебі, емі, алдын алу.
19. Тіс жарып шығу аурулары. Ретенция, толық емес ретенция. Түсінік. Клиникасы. Нақтамасы. Емі.
20. Тіс жарып шығу аурулары. Дистопия. Клиникасы. Нақтамасы. Емі.



21. Кедергіленіп жарып келе жатқан ақыл тіс. Клиникасы, нақтамасы, емі. Төменгі жақ үшінші азу тістің кедергіленіп жарып шығып келе жатқандағы асқынулар.

22. Тіс жұлу операциясына арналған құралдар. Түрлері, құрылысның ерекшелігі, қолдану тәсілі.

23. Тұрақты тістерді жұлуға көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер. Тістерді жұлу операциясына дайындық.

24. Қысқыштар көмегімен тіс жұлу. Тіс жұлу операциясы кезінде сақталатын техникалық ережелер.

25. Тіс және тіс түбірлерінің атипиялық операциясы: көрсеткіштері, өткізу кезеңдері, қажетті құралдар, асқынулары.

26. Пародонт ауруын хирургиялық емдеу. Оның кешенді емдегі орны. Кюретаж. Түрлері. Көрсеткіштері. Жүргізу тәсілі.

27. Пародонт ауруының хирургиялық емі. Гингивотомия. Гингивэктомия. Көрсеткіштері. Өткізу тәсілі.

28. Пародонт ауруларының хирургиялық емі. Видман – Нейман бойынша операция. Көрсеткіштері. Жүргізу техникасы.

29. Пародонт ауруларының хирургиялық емі. Вестибулопластика. Көрсеткіштері. Жүргізу техникасы.

30. Одонтогенді қабыну аурулары. Жіктелуі, этиологиясы, патогенезі. Одонтогенді инфекцияның таралу жолдары.

31. Созылмалы периодонтит, жіктелуі, клиникасы, нақтамасы, салыстырмалы нақтамасы, емі. Хирургиялық емге көрсеткіштері, емдеу әдістері.

32. Созылмалы периодонтит өршуі. Этиология. Патогенез. Клиникасы, нақтамасы, салыстырмалы нақтамасы, емі. Хирургиялық емге көрсеткіштері, емдеу әдістері.

33. Тіс түбірінің ампутациясы. Анықтамасы, көрсеткіштері, қарсы көрсеткіштері, әдістемесі және операция кезеңдері. Болжамы.

34. Гемисекция. Анықтамасы, қолдану көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері, әдістемесі және операция кезеңдері. Болжамы.

35. Тістің реплантациясы. Анықтамасы, қолдану көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері, әдістемесі және операция кезеңдері. Болжамы.

36. Тістің түбір ұшы резекциясы. Көрсеткіші мен қарсы көрсеткіші. Операцияның жүргізу тәсілі. Болатын асқыну және болжамы.

37. Жақтың жедел периоститі. Патогенез. Клиника. Нақтамасы және салыстырмалы нақтамасы, емі. Болжамы.

38. Жақ сүйектерінің созылмалы одонтогенді периоститі. Клиникасы. Нақтамасы. Ажырату нақтамасы. Емі.

39. Жедел одонтогенді гайморит. Этиологиясы. Клиникасы. Нақтамасы. Ажырату нақтамасы. Емі.



40. Созылмалы одонтогенді гайморит. Этиологиясы. Клиникасы. Нақтамасы. Ажырату нақтамасы.
41. Колдуэлл-Люк бойынша операция. Көрсеткіштері. Операцияны жүргізу тәсілі.
42. Гаймор қуысы түбінің перфорациясы және жылан көзі. Клиникасы, нақтамасы, дәрігердің тактикасы, перфорацияны жабудың операциялық әдісі. Жылан көздің пайда болуын және одонтогенді синуситті(перфоративті) алдын алу.
43. Жедел серозды лимфаденит. Этиология, патогенез. Клиникасы. Диагностикасы. Емі.
44. Жедел іріңді лимфаденит. Этиология, патогенез. Клиникасы. Диагностикасы. Емі.
45. Аденофлегмона. Этиология. Клиникасы. Диагностикасы. Емі.
46. Созылмалы лимфаденит. Этиологиясы. Клиникасы. Нақтамасы. Ажырату нақтамасы. Емі.
47. Беттің жұмсақ тіндерінің жарақаты. Соғылған, сырылған(ссадина). Этиологиясы. Патогенез. Клиникасы. Нақтамасы. Емі.
48. Беттің жұмсақ тіндерінің жарақаты. Жара. Этиологиясы. Патогенез. Клиникасы. Нақтамасы. Емі
49. Жұмсақ тіндер жараларының орналасуына байланысты клиникалық көрінісінің ерекшеліктері.
50. Жақ- бет аймағының жарасына АХӨ жүргізу. Жараны АХӨ ерекшеліктері. Техникасы.
51. Тістердің шығып кетуі. Этиологиясы. Клиникасы. Нақтамасы. Емі.
52. Тістердің сынуы. Этиологиясы. Клиникасы. Нақтамасы. Емі.
53. Төменгі жақсүйегінің шығуы. Түрлері. Клиникасы. Оны орнына салу тәсілдері.
54. Альвеолярлы өсіндінің сынуы. Сыну механизмі. Клиникасы, нақтамасы, ажырату нақтамасы. Емі.

3.7. Қабылдау емтиханының нәтижелері

Минималды шекті балл-70;

Максималды балл -100;

Өту балы келіп түскен өтінішке байланысты қабылдау комиссиясымен анықталады;

Емтихан уақыты - 1 сағат 40 минут (1 тест сұрағына 1 минут).